

Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік Тақырыбы: «Наурыз келді, алақай!»



Тәрбиешілер: Аябергенова А.Т
Таухабаева И.М
Ән жетекшісі: Қорғанбаева Р.Ж

Балалар залға көңілді ән-күймен кіреді.

Жүргізуші: Келіндер, Наурыз күнін қарсы алайық,
Билейік, жыр жырлайық ән салайық.
Қаһарлы қыстан өтіп Наурыз келді,
Арқанды кеңге созшы, уа халайық!
Күн мен айға әлемнің,
Берем ыстық сәлемін.
Қарттарыма сүйеніп,
Сәлем берем иіліп!

Қымбатты балалар, қонақтар, құрметті менің әріптестерім, көптен күткен Наурыз жаңа жылымызды алып ортамызға қайта оралды.

Наурыз – мұсылман қауымының ұлттық мейрамы.

Наурыз – жыл басы. Наурыз ұлыстың ұлы күні.

Бұл күні ата-аналарымыз бен әжелеріміз үй үйді аралап, наурыз көжеден дәм татады, баталарын береді. Бүгін біздің «Құлагер» және «Аққу» ересек топтары да Ұлыстың ұлы күнін тойламақшы. Алдарыңызда көрініс. Алтықанатты Сара әжей мен Жылқыбай атамыздың үйінде қалада тұратын немерелері қонақта.

Би: «Қаражорға»



Ортаға немерелерін іздеп Сара әжей кіреді.

Сара әжей: Мында екенсіңдерғой алтындарым. Сендер қайда жүр екен деп іздеп жүрсем үйге қарай кірген екенсіңдерғой. Ұлыстың ұлы күні Наурыз құтты болсын!

Міне наурыз мейрамымен менің немерелерімде келіп қалды!

Келіндер, төрлетіндер, жоғары шығындар құлындарым.

Қазір мен сендерге дәмді етіп, жеті түрлі ас салып наурыз көже дайындаймын.

Парахат: Әже наурыз көже деген не?

Сара әжей: Білесіңдер ме? Наурыз тойының өзіне тән үлкен ырым асы-Наурыз көже. Наурыз көже-жеті түрлі дәмді астың құрамынан жасалады. Оның мәні жаңа жылда тойымшылық, молшылық, татымды өмір болсын деген ырымды, тілекті паш етеді. Наурыз тойындағы тағамдарда көбінесе ақ тамақ басым болады. Өйткені бұл кезде төрт түлік төлдеп, ақ молайған кез.



Жүргізуші: Қашанда Құт - береке орнасын деп,
Тойларда шашу шашу – салты елімнің.
Уа, халайық, теріп ал несібеңді,
Қабыл қылсын халқымның ақ тілеуін.

Тойдың көркі ән дейді халқымыз,
Сіздерге деген балаларымыздың ән шашуын қабыл алыңыздар!

Ән: «Наурыз» Бекмұратова Айша

Сәлден соң ортаға Жылқыбай атада кіреді.

Жылқыбай ата: Енді рәсімді бастайық. Осы салт-дәстүр туралы айта кетейін. Баланың буыны бекіп, 4-5 жасқа келгенде немесе ат үстінде өзін ұстай алатын болғанда атқа мінгізу салты өткізіледі. Себебі ұлтымыз «Ат-ер қанаты» деп түсінген ұрпақты ат үстінде ойнайтын етіп жетілдіру, жауынгер етіп тәрбиелеу, еңбекке баулу мақсатынан туған. Балаларға арналып алдын ала ат дайындап ер-тұрман әзірлейді. Баланы атқа мінгізген күні арнайы атқа мінгізу тойы жасалады. Бұл қазақтың көшпенді тіршілігіне байланысты туылған салты.

Ал, ақ тілек, ақ тілек,
Атқа тоқым сал білек,
Атқа да жақсы шаба біл,
Жасыңнан малды баға біл,
Өнеге, өнер таба біл,
Аймағыңа жаға біл,
Атқа міндің, ақ жол болсын



Ата балаларға ханталапай ойнатады.

Жүргізуші: Келіндер, Наурыз тойға бәрің бүгін,
Аямай өнерпаздар ән мен жырын.

Тойлайық халық тойын Наурызымның,
Шуағын жерге төккен бақыт күнін.

Ән: «Наурыз»

Тазша бала: Әке бұл немерелеріңіз бұрынғының ойынын емес заманға сай түрлі ойындар біледіғой. Сол ойындарын бір көрейік.

Жүргізуші: Наурыз келді, жайраң қақты таң күліп,
Жап-жасыл болып кетті дүние жаңғырып.
Жақсылыққа жаршы болған Наурызым!
Сен өмірдің көктемісің мәңгілік!

Ойындар: «Қол футболы», «Қазандыққа сал», «Өз үйңді тап», «Асық ату»



Би: «Асық» биі



Сара әжей мен Жылқыбай ата: Мына Жандостың балдары үнсізғой. Бұлардың қандай өнерлері бар?

Келіні: Иә, ата бұлардың да мерекеге арналған өлең жолдары бар.

Тақпақтар:

Жанерке: Наурыз тойы - елдің тойы,
Көктем тойы - төлдің тойы.
Ән айтатын күні бойы
Жақсы көрем Наурыз тойын!

Айханым: Кең болсын қазағымның керегесі,
Кетпесін Алла берген берекесі,
Алаштың баласына нәсіп болған,
Құтты болсын Наурыз мерекесі

Аделя: Елім менен жеріме,
Ырысын шашқан Наурыз.
Күлімдеген көктемге,
Шуағын шашқан наурыз.

Жеті түрлі дән салып,
Дәм татқызған наурыз.
Жақсылық тілеп халыққа,
Молшылық әкелсін наурыз.

Дарина: Наурыз менің елімнің берекесі,
Жаңа жылы қазақтың мерекесі.
Шаңырағы биіктеп күнге жақын,
Ұлаңғайыр керілсін керегесі.

Парахат: Наурыз тойы - елдің тойы,
Көктем тойы - төлдің тойы.
Ән айтатын күні бойы
Жақсы көрем Наурыз тойын!



Келіні: Ата, Елдос көкемнің де балаларының өнерлері бар секілді түрлі аспаптарын ала келіпті.

Ортаға аспаптармен балалар шығады.



Ән: «Дастархан»

Жүргізуші: Ата-апа қаладан келген немерелеріңізді алып Жәдігер көкемнің шаңырағындағы беріп жатырған асқа барайық. Сол жақтан бұл тойымызды әрі қарай жалғастырайық.

Қанекей, қарсы алайық жылдың басын,
Қосылып жасқа жасың, басқа басың.

Барайық келер жылға төрт көз түгел,
Аман боп алыс, жақын, кәрі - жасың.

Дәстүрімізге айналған Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз мерекесі құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа Жыл келеді. Ендеше, той құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық әкелсін!



